



Өлеңімде өмір сүріп келесің...

Осындай атаумен жас ақын Ернұр ӘУЕЗХАННЫҢ тұңғыш кітабы басылып шықты. Жыр жинағының салтанатты тұсаукесері өтіп, мәртебелі меймандар авторға жылы лебіздерін білдірді.

«Дала өлкесі» тарихи мұражайында жаңа кітаптың тұсауын белгілі қолөнер шебері, өлкетанушы Шөптібай БАЙДІЛДИН ағамыз бен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Батырлан САҒЫНТАЕВ кесіп, жас ақынның таланты мен талабын тілге тиек етті. Сондай ақ, «Жас – Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығының директоры Ербол ҚАБЫЛДИН, мұражайдың ардагер қызметкері Рая ХАСЕНОВА, институт қабырғасында білім берген ұстаздары



Ардақ АБДУЛЛИНА, Шынар Серікқызы, №2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасының басшысы Сәуле Ахметқызы, орталықтандырылған кітапхана жүйесінің меңгерушісі Ләззат Баяхметқызы, қалалық Тілдерді оқыту орталығының директоры Абзал Қуанышұлы жаңа кітаптың жарыққа шығуы мен құттықтап, автордың алдағы өміріне жақсы тілектерін арнады.

Шарада Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері жас ақынның жалынды жырларын нақышына келтіре оқыды.

Тағылымды кеш соңында жас ақын Ернұр ӘУЕЗХАН тұңғыш кітабын шараға қатысушыларға өз қолтаңбасымен ұсынды.

Жыр жинағы Қостанай қаласындағы «Қарлығаш» баспа үйінен басылып шыққан. Алғы сөзін жазған Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, танымал ақын Абылай МАУДАНОВ.

Еске сала кетсек, Ернұр ӘУЕЗХАН көршілес Аманкелді ауданындағы топырағынан бірнеше ақын түлеп ұшқан Есір ауылының тумасы. «Хабар» телеарнасы ұйымдастырған Республикалық телевизиялық айтыс жобасының жеңімпазы. Көптеген жыр додаларының жеңімпаз – жүлдегері. Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтының түлегі. Қазіргі уақытта қаламыздағы облыстық «Дала өлкесі тарихы» мұражайының ғылыми қызметкері.